

Жымпиты ауылы

Жымпиты - Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы орталығының атауы. Кеңес одағы кезінде бұл атау «Джамбейты» деп қате жазылып келді. Бұл топонимнің жымпию етістігіне еш қатысы жоқ. Жымпиты атауының шығу төркіне туралы көп жорамалдар айтылады. Солардың ішінде көнекөз қариялар Жымпитының Қоспа, Қызыл төбе (үй), Жымпиты деген үш атауы бар дейді. 1). Жымпиты ауылының орналасқан жерінен 18 шақырым төңірегінде Шідерті және Өлеңті өзендері қосылады. Сондықтан жер атын Қоспа деп атаған деген нұсқа бар. 2). 19 ғасырдың 90-шы жылдары Жымпиты қаласының табаны тартыла бастады. Қала үйлерінің төбелерін қанылтырмен шатырлануына байланысты елді мекенді Қызыл төбе немесе Қызыл үй деп атаған. Сонымен қатар Жымпиты деген атау «Жан пида» деген сөз тіркесінен туындады деп айтушылар бар. Яғни, қалмақтармен қырғын соғыста жаудың қолына қазақтардың аз тобы жан пидалап қарсы шыққан жер екен. Жымпиты деген сөздің атауын атақты жазушы Сәкен Сейфуллин «Жем бітті» деген сөз тіркесінен шыққан деп айтқан. Ал, өлкетанушы, ғалым Ержанова Ұлдай Рысқалиқызы бастаған ғалымдар: «Бұл атау көне түркі тіліндегі қорған, бекініс мағынасын беретін эмпе сөзі мен ты реліктік қосымша арқылы жасалған», - деген жорамал айтады. Белгілі диалектолог Б.Базылханың сөздігінде «жым жол» деген тіркес беріледі. Жым сөзі мен эмпе сөзі мағыналасы. Демек, Жымпиты топонимі Өлеңті, Бұлдыртты, Аңқаты, Шідерті атаулары секілді түркі – моңғол тіл бірлестігі кезеңінде қалыптасқан.